

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ТҮТҚЫНДАР МӘСЕЛЕСІ

*Есентаева А.Е.,
Тарих факультетінің 1 курс магистранты
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қарағанды қ., Қазақстан*

Кеңес Одағы мен Германия арасында ұрыс майданы басталғаннан Қызыл Армияның көптеген жауынгері мен командирлері әртүрлі себептермен жаудың қоршауына түсті. Тұтқынға түскендер қатарында қазақстандықтар да аз болмады. Олардың көпшілігі қиян-кескі ұрыстарда жарақат алғанына немесе сырқаттанып қалғанына, оқ-дәрі, отын және азық-түліктің таусылуына немесе қоршауда қалуына байланысты жаудың қолына түсіп қалды. Кеңестік әскерилердің басым көпшілігі соғыстың алғашқы жылдары неміс әскеріне тұтқынға түскен. 1941 жылдың 22 маусымынан 1942 жылдың 10 қаңтарына дейін әскери тұтқындар саны 3,9 млн адам болса, олардың 0,4%-ын, яғни 15,2 мыңын офицерлер құраған. 1942 жылдың басында лагерьлерде олардан 1,1 млн адам қалған. 1943 жылы 487 мың, 1944 жылы 203 мың, 1945 жылы 40,6 мың адам тұтқынға түскен.

Фашистік тұтқында болған кеңес жауынгерлерінің қиын жағдайына гитлерлік басшылық КСРО-ны айыптады. Өйткені КСРО 1907 жылғы «Құрлықтағы соғыстың заңдары мен талаптары» туралы Гаага конвенциясын мойын-дамады және әскери тұтқындардың құқықтық мәртебесін анықтайтын 47 ел қол қойған 1929 жылғы Женева конвенциясына қосылмады деп түсіндірді. Женева конвенциясында соғыс тұтқындары туралы заңдық талаптар көрсетілді. Онда соғыс тұтқынының беталды азапталуына жол берілмеуі, тұтқындарды қорғаудың белгілі бір халықаралық-құқықтық міндеттерінің сақталуы, соғысушы елдердің үкіметтеріне соғыс тұтқындарын қорғау ережелерін бұзғаны туралы бір-біріне айып тағуға мүмкіншілік берілуі, Қызыл Крест қоғамы арқылы арыздануға, дәрі-дәрмек алуға және т.б. қарастырылды. Ал КСРО-ның конвенцияға қол қоюдан бас тартуы кеңес тұтқындарын Халықаралық Қызыл Крест ұйымының көмегінсіз қалуына және фашистердің шамадан тыс азаптауына мүмкіндік берді [1].

Кеңес Одағы соғыс тұтқындары мәселесінде ең соңғы, жаңартылған және мемлекеттердің басым көпшілігі қолдаған Женева клісімін қолданғысы келмеді. Оның орнына КСРО мемлекеттік қорғаныс комитетінің төрағасы И.Сталин 1941 жылы 16 тамызда №270-бұйрыққа қол қойды. Бұл бұйрық бойынша кеңес әскерлеріне тұтқынға түсуіне тиым салынды. «Тұтқынға түсіп қалу жағдайы туындағанда ондайларды командирлер мен комиссарлар сол жерде атып тастауы қажет» деген тапсырма берілді.

Алайда Кеңес өкіметінің Женева конвенциясынан мүлде бас тартуы фашистер үшін өте қолайлы сылтау болды. 1941 жыдың 8 қыркүйегінде кеңестік тұтқындарға өте қатал түрде қарау, оларға ешқандай аяушылықтың болмауы туралы фашистер әскеріне де бұйрық келді. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Шығыс майдандағы КСРО-да, Германия да Гаага және Женева конвенцияларының талаптарын сақтамады.

Әсіресе, тұтқынға түскен алғашқы күндер мен айлар тұтқындар үшін аса қиын, ауыр болды. Бастапқыда олар дивизиялық жинақтау бекеттеріне, содан соң «дулагтарға» (айдауға жөнелтетін аралық лагерьлер) жинақталды. Содан соң қатардағы жауынгерлер мен кіші командирлер «шталагтарға», ал офицерлер «офлаг» деп аталатын арнайы лагерьлерге жөнелтілді. Ал «шталагтар» мен «офлагтардағы» әскери тұтқындар концентрациялық және жұмыс лагерьлеріне айдалды. Әскери тұтқындардың саны аса көп болған кезеңде Остланд, Украина, Польша генерал-губернаторлығы, Австрия, Чехословакия, Германия, Норвегия, Финляндия және Румыниядағы рейхскомиссариаттардың аумағында әскери тұтқындарға арналған лагерьлердің саны 2670-ке жуық болды. Кейінірек тұтқындар топтастырылып, неміс әскері басып алған бүкіл Еуропа аумағына таратылды.

Әсіресе, Смоленск, Каунас лагерлерінде, сондай-ақ Бяла-Подляска, Бобруйск, Ивангород, Кельце, Острув-Мазовецки және басқа да елді мекендердің түбінде орналасқан лагерлерде жағдай аса қиын болды. Острув-Мазовецки қаласы маңындағы бір лагерьде ғана 1941 жылы күзде ажал құшқан әскери тұтқындардың саны тәулігіне 1 000 адамға дейін жетті. Ал немістердің құжаттарындағы деректер соғыс басталған күннен 1942 жылы жазға дейінгі аралықта күн сайын 6 мыңға жуық кеңестік әскери тұтқын қаза тапқанын көрсетеді. 1941 жылы 14 желтоқсанда оккупацияға түскен шығыс аумақтарының рейхсминистрі А.Розенберг Гитлерге: Украинадағы лагерлерде «аштық нәтижесінде күнделікті 2500-ге жуық әскери тұтқын қайтыс болады» деп мәлімдеді [2].

Немістердің әскери тұтқындарға арналған лагерлері белгіленген халықаралық нормалар мен конвенцияларға сай келмеді. Соғыстың алғашқы жылдары тұтқындар жай ғана далада, тікенді сымнан жасалған қоршауда орналасты. Кейбірде олар мал қораларға, қоймаларға, фермаларға, стадиондарға, жарылыстан бұзылған казармаларға және тіпті шіркеулерге қамалды. Күн суыған кезде олар жерге ін қазып, сол індерге жататын болды. Кейіннен, 1942 жылы Германия жұмыс күшіне мұқтаж болғаннан бастап тірі қалған тұтқындардың жағдайы жақсара бастады, яғни олар от жағылмайтын болса да, жатын орындары бар жабық жайларға орналастырылып, олардың күндік тамақтану мөлшері 2540 калорияға дейін артты. Фашистік лагерлердегі кеңестік әскери тұтқындардың өлімі 57,8%-ға жетті [3].

Соғыстың алдында Розенберг идеясы бойынша, Қазақстан, Орта Азия, Солтүстік Иран, Ауғанстан территорияларын біріктіріп ислам пан-түріктік “Гросс Туркестан” немесе “Пантуркестан” мемлекетін құру көзделді. Бірақта “Гросс Туркестан” идеясы жүзеге аспады. Оның орнына рейх 26 жаяу батальон, 111 рота және жүк тасушылар колоннасынан тұратын Түркістан легионын құруды жоспарлады. 1942 жылы құрылған Түркістан легионы құрамында неміс әдебиеттерінде 1 миллион, тарихшы Раух 650 000 адам, ал қазақстандық мамандар 180 000 - 250 000 адам болған деген мәлімет береді. Түркістан легионын қолдаушы қазақ зиялысы - М.Шоқай Түркістан легионы құрамындағы әскери құрылымдарды қажет деп таппаған. М.Шоқай фашистер лагерінде зардап шеккен жандарды қайтадан майданға жіберу адамгершілікке жатпайды, керісінше, оларды Германия зауыт-фабрикаларына жіберіп, болашақ Түркістан мемлекетіне маман-кадрларды даярлау идеясын ұсынады.

Өкінішке орай, М. Шоқай 1941 жылы 27 желтоқсанда қайтыс болып, бұл идеясы жүзеге аспайды. Фашистер Түркістан легионы құрамындағы бір батальонды 1942 жылы алғаш рет Воронеж майданы маңында қызыл Армияға қарсы соғысқа қатыстырады. 193 легионер соғыспай Қызыл Армия жағына шығып кетеді, ал батальон басшысы Бақыт Байжановты фашистер тұтқындайды. Өйткені легион құрамына әскери тұтқындардың басым бөлігі фашистік концлагерлерден шығу мақсатымен ғана кірген. Олардың көбі жергілікті партизандармен байланысып, фашистерге қарсы партизан қозғалысы құрамында соғысады. Майданға түскен жағдайда Қызыл Армия жағына өткен. Өкінішке орай, бұл жағдай ескерілмеген. Отанында олар “РКФСР Қылмыстық істер кодексінің” 58-1 б, 58-3, 58-9, 59-10, 58-11 баптарымен жазаланып “сатқын” деген лақапқа ие болып, үрім-бұтақтарына дейін қудаланды. Француз тарихшысы Клод Дельпла түркістандықтар партизандық қозғалыстарға көптеп тартылып, үлкен ерліктер танытты дейді. Ал, неміс тарихшысы Патрик фон Мюллер олардың қиын тағдырын аяп, свастика мен қызыл жұлдыз арасында қалғандар деген сипат береді [4].

Фашистер Кеңес Одағы халықтары арасында орыс емес ұлттардың соғыс тұтқындарына сүйене отырып, этникалық араздықты қоздыруға тырысты. 1941 жылдың күз айының басында неміс лагерлерінде кеңес әскери тұтқындарына арналған комиссиялар құрылып, Қызыл Армияның «түркі-мұсылман» әскери тұтқындарының тізімі жасалды. Түркістан легионын құру туралы бұйрық 1941 жылы 17 желтоқсанда шығарылды, легион құрамына түрікмендер, өзбектер, қазақтар, қырғыздар, қарақалпақтар қабылданды. 20 желтоқсанда А.Гитлер неміс армиясында бұрынғы КСРО азаматтарынан

славян емес ұлттардың қарулы құрамаларын құруға рұқсат берді. 1942 жылдың басында ең алғашқы Түркістан батальондары құрылып үлгерді.

Ең алдымен оларға Кеңес Одағының саны аз халықтарының - Орта Азия, Кавказ ұлттарының, сондай-ақ Поволжье, Урал және Крымды мекендейтін, ислам дініндегі халық өкілдері кірді. Неміс-фашист қолбасшыларының пиғылы ұлты орыс емес әскери тұтқындарға сүйеніп, Кеңес Одағы халықтарының арасына іріткі салу еді. Адам төзгісіз жағдайларға тап болған лагерьлердегі тұтқындарға легиондарға қатысу туралы ұсыныс жасалды. Қатысқандарға ыстық тағам беріліп, жылы киім үлестірілетіні, қорлықтан құтқарылатыны және т.б. мүмкіншіліктер жасалатыны ескертілді. Тұтқындардың бір бөлігі бұл уәдеге сенсе, қалған бөлігі сенбесе де лагерьде қиналып өліп кеткенше, тірі қалудың амалы үшін легионға қатысуға келісім берді.

Неміс тарихшысы И.Хоффманның пікірінше, бүкіл соғыс кезеңі ішінде неміс армиясында 90 батальон болған, соның ішінде 26 Түркістан батальоны (20,5 мың адам), 15 Әзірбайжан батальоны (36,6 мың адам), 13 грузин батальоны (19 мың адам), 12 армян батальоны (7 мың адам), 9 солтүстік кавказдық батальон (15 мың адам), қрым татарларының 8 батальонында (10 мың адам), Волга татарлары және Поволжье мен Уралдың халықтары біріктірілген 7 батальонда (12,5 мың адам) болған. 1942 жылы «А» тобындағы армиялардың іс-әрекет аймағында 5 мың адамнан қалмақ кавалериялық корпусы құралған. Қарулы бөлімдермен қатар вермахт құрамында марштарды толықтырудың негізін құраған 11 тұрақты батальон, сондай-ақ 15 запастағы, құрылыс және көлік батальоны және 202 жеке рота (атап айтқанда, 111 түркістандық, 30 грузин, 22 армян, 21 әзірбайжан, 15 татар және 3 солтүстік-кавказ ротасы) болған. 162-ші (түркі) жаяу әскер дивизиясы құрамының бір бөлігін осы бөлімшелер құраған [5].

Соғыс тақырыбының маманы, тарихшы ғалым Қ.Алдажұмановтың еңбектерінде: «КСРО-ның Еділ бойы, Қазақстан, Орталық Азия және Кавказ ұлттарынан 310 мыңнан 325 мыңға дейін жететін адамдар Шығыс легиондарында болған. Таратып айтсақ, олардың қатарында: 180 мың өзбек, қазақ, қырғыз, ұйғыр, тәжік, түрікмендер, Солтүстік Кавказ ұлттарынан 28-30 мыңдай адам, 20 мыңдай грузин, 18 мыңдай армян, 25-55 мыңдай әзірбайжан, 40 мыңдай татар, башқұрт, чуваш, мордва, удмурт, марилер осы Шығыс легиондарының сапынан өткен» деген мәліметтер айтылады.

Бүгінге дейін Түркістан легионының құрылу тарихы туралы көп айтылды, көп жазылды. Бұл ретте Бақыт Садықова, Гүлнар Мендіқұлова, Гүлжауһар Көкебаева, Амантай Кәкен және т.б. отандық зерттеушілердің еңбектерін ерекше атауға тұрарлық. Солардың ішінде мұстафатанушы Бақыт Садықованың «әр алуан деректері бойынша, 1942 жылдың көктемінде құрылған Түркістан легионы құрамында болғандардың саны 180 мыңнан 250 мыңға жетіп, бұл әскери құрылым шығыс легиондары арасында ең үлкені болған.

Шығыс легиондары туралы Ереженің толық қабылдануына орай Польша территориясында 1942 жылдың жазы мен күзінде олардың құрылуы негізінен аяқталған. Алман жазбалары бойынша 6 легион құрылған. Олар: Түркістан легионы (қазақ, өзбек, түрікмен, тәжік, қырғыз, белуж, дүнген, ирандық, қашқарлық, шұңған, тараншы, құрамалар және шығыс татарлары), Кавказ-мұсылман, кейіннен әзербайжан (әзербайжандар), Солтүстік кавказдық легион (абхаз, адыгей, черкес, кабардин, балқар, қарашай, чешен, инғұш, құмық, ноғай, авар, ахвахи, андий, бағулалы, ботлих, хваршин, дидой, годобери, карантин, тиндалы, чамалин, даргин, кайтаги, кубачин, лактар, лезгин, агул, цахур, рутул, тибасарин, удин, курд, талыш, татылар, солтүстік осетиндер), Грузин легионы (грузин, аджар, гурий, имерин, кахетин, лазы, мингрель, свандар, оңтүстік осетиндер), Армян легионы (карабахтық армяндар), Еділ-татар легионы (уфалық және қазандық татарлар, башқұрттар, татарша сөйлейтін чуваштар, марийлер, удмурттар, мордвалар) құрылған.

Ал, «Түркістан легионының» жауынгерлері 1942 жылдың аяғы мен 1943 жылдың басында Кеңес әскерлерінің жағына өз еріктерімен өткен.

1944 жылы Кеңес Одағына оралған әскери тұтқындардың ағыны күрт өсті. Осы жылы жазда барлық елге оралған тұтқындарды сүзгіден өткізу мен тексерудің жаңа жүйесі енгізіліп, мемлекеттік қауіпсіздік органдарымен тексерілді. Тұтқыннан босатылған кеңестік азаматтар 1944 жылдың соңынан 1950-жылдардың ортасына дейін Отанына қайта оралған. КСРО Халық комиссарлары кеңесінің жауынгерлерді өз еліне қайтару ісі жөніндегі уәкілетті басқармасының мәліметтері бойынша, 1945 жылы қазан айында босатылған кеңестік әскери тұтқындардың есепке алынғандарының жалпы саны 2 016 480 адамды құраса, оның ішінде 1 730 181 адам Германияда және өзге елдерде, тағы 286 299 адам жау басып алған одақтас республикалардың аумағында болды. Сонымен қатар 1947 жылы олардың 1 836 мыңы, соның ішінде жаудың әскери және полиция қызметіне кіргендер де Отанға қайта оралған деген мәлімет те бар. Олардың тағдырлары әрқилы болған. Біреулері қамауға алынып, сотталып кетсе, тағы біреулері 6 жылға арнайы қоныстарға жөнелтілген, кейбіреулері еңбек армиясы батальондарының құрамына кірген. Сонымен бірге 1946 жылғы 1 тамыздағы деректер бойынша 300 мың бұрынғы тұтқын үйлеріне жіберілген. Кеңестік және ресейлік әскери тарихшы Г.Кривошеев ПХК мәліметтеріне сүйене отырып, тұтқыннан оралған 1 836 562 жауынгердің 233 400-і жаумен ынтымақтастық жасады деген айыппен сотталғанын және Гулаг жүйесінде жазасын өтегенін айтады [6].

КСРО-ның 1945 жылдың мамырындағы жеңісі кеңес халқының төгілген қанымен келді. 7 млн. (Сталин жариялағандай) емес, 20 млн. (Хрущев бекіткендей) емес, Горбачев мойындауға мәжбүр болған 27 млн. Кеңес халқы өлілер әлеміне өтті... Тұтқынға түскен қызыл әскерлердің жалпы саны - 5 миллион 734 мың. Бұл Қазақ МҚК-нің мәліметтері. Француздық деректер 5,7 млн. адамды көрсетеді, оның 3,3 миллионы аштық пен қатыгездіктің құрбаны болған. Қазақ КСР МҚК статистикасы бойынша тұтқындарды ауыстырған лагерлерде 280 000 адам, 1 млн. 30 мың 157 адам тұтқыннан қашу кезінде немесе 117 Германияның шахталары мен заводтарында мерт болған. Тек 500 адам концлагерлерден қашқан. Тұтқынға түскен түркістандықтардың саны 1 млн. 700 мың. Бұл тұтқындардың жалпы 5,7 млн санының бір бөлігін құрайды

Бүкіл соғыс барысында тұтқынға түскендердің саны 5 млн-нан асты, олардың 57% қаза тапты. Соғыс тұтқындарының Отанына қайтып келгеннен кейінгі тағдыры да ауыр болды. 1943-1947 жылдар аралығында 5,5 млн-ға жуық соғыс тұтқындары мен Германияға жұмысқа айдалған азаматтар елге оралды. Олардың 20 % ату жазасына немесе 25 жыл лагерде жазасын өтеуге кесілді. 15-20 % 5-10 жылға лагерлерге жіберілді. 10 % Сібірдің алыс аудандарына жер аударылды, 15 % соғыста қирап қалған аудандарда ауыр жұмысқа салынды, 15-20 % туған жерлеріне оралды, ал қалғандарының тағдыры белгісіз. Бұл қайғылы статистиканың түпкі себебі Кеңес өкіметінің тұтқынға түскен өз азаматтарының барлығын «сатқындар» деп санауы еді [7].

Сайып келгенде, тұтқындар соғыстан кейін өзін күтпеген, сенбеген Отанына оралды. Оларды тексеріп, лагерьлерде ұстап, тексергеннен және адалдығына көз жеткізгеннен кейін еркіндікке жіберді. Енді біреулер Отанында күтіп тұрған ащы тағдырды сезіп, жат елде қалып қойды. Кеңес тұтқындары екі тоталитарлық мемлекеттің, екі диктатордың арасында көселген отқа күйді, жандары жаншылып, қорғансыз күй кешті.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Кокебаева Г.К. Германия-Россия-СССР: политика, война и плен. - Алматы: «Қазақ университеті», 2009. - 345 с.
2. Аяған Б.Ф. Тәлкекке түскен тағдырлар // Егемен Қазақстан. - 26 маусым. - 2014 жыл.
3. Көкебаева Г. Сұрапыл соғыстағы тұтқындар қасіреті // Алаш айнасы. №52(278). - 2 сәуір, 2010 жыл.
4. Садықова Б. Әлім Алмат: «Табыс етем өлгендер аманатын...» // Қазақ елі. Еларалық апталық. №48(72). - 29 қараша, 1996 жыл.

5. Илиясова К.М. Айтылған тарих немесе Стамбул жазбалары. - Астана: «Типография Стимул», 2016. - 175 б.
6. Әлім Алмат. Жерлестерін текке арандатқысы келмеген // Аңыз адам. - №77. - 2011.
7. Кәкен А. Түркістан легионы. - Астана. Республикалық баспа полиграфия орталығы. 2000. - 140 б.

«АЗИЯНЫҢ ОЯНУ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ» ҰЛТТЫҚ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯ МЕН АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК ТУРАЛЫ ИДЕЯЛАРЫ: САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

*Смагулова Г.М.,
академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
Смагулов Б.А.,
ҚОББ «Дарын» мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты КММ тарих пәнінің
мұғалімі
Қарағанды қ., Қазақстан*

*Алдымен олар сені байқамайды, сосын сені мазақ етіп күледі,
одан кейін сенімен күреседі. Ал содан соң сен жеңіске жетесің.
Махатма Ганди*

*«Тәуелсіз ел болу оны жариялаумен немесе мемлекеттің іргетасын қалаумен
шектелмейді. Тәуелсіздік үшін нағыз күрес күнделікті еңбекпен,
үздіксіз әрі дәйекті елдік саясатпен мәңгі жалғасады»
Қ. Тоқаев*

«Азияның ояну жылдары» ХІХ ғасырдың аяғы – ХХ ғасырдың басындағы кезеңнің өткен тарихына жатады. Бұл кезеңде дәстүрлі Шығыс қоғамының дамуында әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан өзгерістер жүрді. Ол өз кезегінде Азия елдерінде буржуазиялық революциялар мен ұлт-азаттық қозғалыстарға әкелді. Ұлт-азаттық қозғалыс қандай жерде болмасын отарлаушы елдің саяси, экономикалық, идеологиялық, мәдени-рухани өктемдігіне, әділетсіздігіне, зорлығына қарсы бағытталады. Ал Азия елдерінің басым көпшілігі отарлық саясаттың құрсауында болғандықтан, олардың азаттық алуға деген ұмтылыстары заңдылық. Бірақ бірнеше ғасыр отарланған мемлекеттер, мысалы Үндістан, Қытай, Иран, Қазақстан тәрізді елдер саяси, экономикалық, территориялық тұтастығынан айрылды. Бұл елдер шикізат көзіне айналса, ондағы мекендеген халықтар өздерінің дамуын жоғалтты. Осылайша өркениеттен артта қалды. Соған қарамастан халық арасынан азаттық пен тәуелсіздік жолына бастаған ұлтжанды азаматтар, ірі қоғам қайраткерлері шықты. Мысалы, Үндістаннан Махатма Ганди, Қытайдан Сунь Ятсен тәрізді ұлттық интеллигенция өкілдері шықты, Қазақстаннан Әлихан Бөкейхан бастаған Алаш зиялылары қалыптасты. Олардың қатарына өзіндік идеялар ұстанған патриоттар - Түркиядан Мұстафа Кемал Ататүрік, Индонезиядан Сукарно сияқты бір топ ұлттық интеллигенция өкілдері қосылды. Аталған тұлғалардың тарихта іздері, арттарынан гандизм, кемализм, мархаэнизм тәрізді ілімдері қалды. Саясаттану ғылымының типологиясы бойынша бұл тұлғаларды «ұлт көсемдері», «ұлтқа қызмет етушілер» деп айтуға болады. Махатма Гандидің айтқан өсиеттері мен тәуелсіздік жолындағы күресі ұлтқа қызмет етудің үлгісін көрсетті. Оның өсиеттері тек Үндістан халқы үшін ғана емес, әлемнің басқа елдеріндегі халықтарға, әсіресе оның ұлт бостандығы үшін ұстанған күрестің тәсілдері – күш қолданбай қарсылық көрсету өзге мемлекеттерге үлгі болды. Мысалы, 1950-1960 жж. АҚШ-та қара нәсілділердің құқығы үшін күрескен Мартин Лютер Кинг, Оңтүстік Африкада Нельсон Мандела Гандидің қарусыз күресу